

ЛУВИТАН ЛОНГ АКШН
LUVITAN LONG ACTION

Қолдану жөніндегі нұсқаулық

Құрамы

Босап шығуы ұзаққа созылатын, үлбірлі қабықпен қапталған таблетканың құрамында

Белсенді заттар:

Витаминдер

А витамині (ретинол ацетаты)	800 мкг
В ₁ витамині (тиамин нитраты)	3,3 мг
В ₂ витамині (рибофлавин)	4,2 мг
В ₃ витамині (никотинамид)	48 мг
В ₅ витамині (кальций пантотенаты)	18 мг
В ₆ витамині (пиридоксин гидрохлориді)	4,2 мг
В ₉ витамині (фолий қышқылы)	400 мкг
В ₁₂ витамині (цианокобаламин) манните 0,1%	3 мкг
С витамині (аскорбин қышқылы)	160 мг
Д ₃ витамині (холекальциферол)	5 мкг
Е витамині (dl-α-токоферол ацетаты)	15 мг
Н витамині (биотин)	150 мкг

Микро- және макроэлементтер

Темір (темір fumarаты түрінде)	14 мг
Магний (магний тотығы түрінде)	6,25 мг
Марганец (марганец сульфаты моногидраты түрінде)	2 мг
Молибден (натрий молибдаты дигидраты түрінде)	50 мкг
Мыс (мыс сульфаты пентагидраты түрінде)	1 мг
Селен (селен ашытқылары түрінде)	55 мкг
Мырыш (мырыш сульфаты моногидраты түрінде)	10 мг
Хром (хром хлориді гексагидраты түрінде)	40 мкг

Аминқышқылдары

L-лейцин	19,5 мг
L-лизин (L-лизин гидрохлориді түрінде)	15 мг
L-изолейцин	11,5 мг
L-валин	10,5 мг
L-фенилаланин	10 мг
L-тирозин	9,5 мг
L-цистеин (L-цистеин гидрохлориді моногидраты түрінде)	6,3 мг
L-треонин	8,5 мг
L-гистидин (L-гистидин гидрохлориді моногидраты түрінде)	6 мг
L-метионин	3,2 мг

Қосымша заттар: гидроксипропилцеллюлоза, гипромеллоза, кальций гидрофосфаты дигидраты, коллоидты сусыз кремнийдің қостотығы, магний стеараты.

Қабығының құрамы: сепифилм LP 770 ақ (гипромеллоза, микрокристалды целлюлоза, титанның қостотығы, стеарин қышқылы), сепифилм LP 014 мөлдір (гипромеллоза, микрокристалды целлюлоза, стеарин қышқылы), кандурин күміс түстес жылтыр (титанның қостотығы, алюмокалий силикаты), натрий сахарині, этилванилин.

Сипаттамасы

Ұзынша пішінді, екі беті дөңес, ақ түсті перламутр үлбірлі қабықпен қапталған жылтыр таблеткалар.

Лувитан Лонг Акшн қалыпты зат алмасуы, организмнің өсуі мен дамуы, аурулар мен сыртқы ортаның зиянды факторларынан қорғануы, барлық өмірлік функциялармен сенімді қамтамасыз етілуі үшін қажетті витаминдердің, минералды заттардың және теңдесі жоқ аминқышқылдарының кешені болып табылады, сонымен қатар организмнің түрлі ауруларға қарсы тұруын арттырады.

Витаминдер зат алмасуына биохимиялық және физиологиялық үдерістердің катализаторлары мен реттегіштері ретінде қатысады.

Минералды заттар адам организміндегі алмасу үдерістері үшін өмірлік қажеттілігі бар элементтер болып табылады. Организмнің жасушалары мен тіндерінің қалыптасуына, ферменттік жүйелердің жұмысына қатысады.

Аминқышқылдары тіршілік ету үдерістерінде маңызды рөл атқаратын ақуыздарды түзетін құрылымдық химиялық бірліктер болып табылады.

Ақуыздар организмде тағам өнімдерінде болатын ақуыздардың ыдырауы нәтижесінде түзілетін аминқышқылдарынан синтезделеді.

Аминқышқылдары, витаминдер мен минералдардың өз функцияларын талапқа сай атқаруына ықпал етеді. Кейбір аминқышқылдары бұлшықет тіндерін энергиямен тікелей қамтып отырады.

Лувитан Лонг Акшн өнімінен барлық витаминдер, минералдар мен аминқышқылдары бірден босап шықпайды, ал босап шығуы ұзақ уақытқа (кемінде 8 сағатқа) созылады.

Қолданылу саласы

Витаминдердің, макро-және микроэлементтердің қосымша көзі ретінде тағамға биологиялық белсенді қоспа түрінде ұсынылады.

Қолданылуы

- ересектер мен 8 жас шамасындағы және одан үлкен балалардағы гипо-және авитаминоздарда;

- минералдардың жеткіліксіздігі, ақыл-ой және дене еңбегіне қабілеттіліктің төмендеуі кезінде, шаршаған жағдайда, сауығу үдерісін жеделдету үшін, спортшыларда физикалық төзімділікті арттыру үшін;

- жыныстық астения және либидо төмендеуі кезінде, теңгерімді және толыққанды тамақтанбау кезінде, әйелдердегі климактериялық кезеңде; шаштың түсуі мен сынғыштығы кезінде;
- организмнің жалпы қарсыласқыштығын арттыру үшін, витаминдер қажеттілігі жоғары болған кезде (жыныстық жетілу кезеңінде, хирургиялық араласулардан кейін және реконволесценция кезеңінде);
- қарқынды ақыл-ой және дене жүктемелері кезеңінде;
- толыққанды және теңгерімді тамақтанбау кезінде;
- экологиялық жайсыз аудандарда тұратын адамдар үшін.

Қолдану тәсілі және дозалары

Лувитан Лонг Акшнді таңертеңгілік тамақтану кезінде, жеткілікті мөлшердегі сумен іше отырып ішке қабылдайды.

Ересектер мен 8 жасстан асқан балаларға тәулігіне 1 таблеткадан тағайындайды.

Ұсынылған тәуліктік дозасын арттырмаған дұрыс.

Егер емделуші қанның ұюына кедергі келтіретін препараттарды қабылдап жүрген болса, дәрігермен кеңесу қажет.

Айрықша нұсқаулар

Өнімнің құрамында өсімдік тектес компоненттер болғандықтан, тұнба түзілуі мүмкін. Қолданар алдында құтыны шайқау қажет.

Шығарылу түрі және қаптамасы

Босап шығуы ұзаққа созылатын, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар. Блистерде 10 таблетка.

3 блистер мемлекеттік және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапқа салынады.

Сақтау шарттары

25°C-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Сақтау мерзімі

Өндірілген күнінен бастап 3 жыл.

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

Сатылу шарттары

Дәріханалар желісі және арнайы дүкендер, сауда желілерінің бөлімдері арқылы.

Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік

№ _____

Тағамға биологиялық белсенді қоспа.

Дәрілік зат болып табылмайды.

Өндіруші

«ЛАБОРАТОРИЯ КАЛИФАР НВ», Рийксвег 9, Борнем, В-2880, Бельгия
("LABORATORIA QUALIPHAR NV", Rijksweg 9, Bornem, В-2880, Belgium).

Сауда белгісі мен мемлекеттік тіркеу куәлігінің иесі

«УОРЛД МЕДИЦИН ЛИМИТЕД», ҰЛЫБРИТАНИЯ

("WORLD MEDICINE LIMITED", GREAT BRITAIN) компаниясы
болып табылады.

*ҚР аумағында тұтынушылардан өнім (тауар) сапасына қатысты шағымдарды қабылдайтын ұйымның мекен-жайы: «РИН Фарм» ЖШС, Алматы қ., Сүйінбай даңғылы, 222Б
Тел/факс: 8(7272)529090*